

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.4. - Б.5-9

## **АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ АЗЫҚ-ТҮЛІК БЕЛДЕУІН НЫҒАЙТУ ЖОЛДАРЫ**

*Орынбасаров Ә.Қ.*

Азық-түлік белдеуі - халықтың кез-келген уақыттағы физикалық, сонымен қатар, экономикалық негізде қауіпсіз азықпен қанағаттандырылу жағдайы мен жүйесі. Бұл әрбір елдің аграрлық және экономикалық саясатындағы басты мақсатпен міндеттердің бірі болып табылады. Ғылыми жұмысты қорытындылай келе жалпы азық-түлік белдеуі саласының теориялық түсінігі, оны қалыптастыруға әсер етуші факторлар қарастырылып, азық-түлік белдеуін қалыптастыру жүйесі критерилерін және Астана қаласының АӨК-н әлеуметтік және экономикалық тұрғысы, Астана қаласының азық-түлік белдеуін қалыптастыру механизмінің негізгі бағыттары анықталды деп айтуға болады.

Астана қаласы азық түлік белдеуін қалыптастырудың экономикалық механизмі мен қамтамасыздық жағдайын талдау және бағалау жасалынып азық-түлік белдеуіндегі қалыптастыру мен дамытудың шетелдік тәжірибелері зерттеліп оның ұтымды тұстарын отандық нарықта жүзеге асыру жүйелерін әкелініп, азық-түлік белдеуін қалыптастыруға жеткілікті түрде бағалау және болжамдау әдістемелері жүргізілді.

Астана қаласы азық-түлік белдеуін қалыптастырудағы бірқатар мәселелердің шешілуі және азық-түлікпен қамтамасыз ету жолдарын табу, кәсіпкерлер мен саудагерлердің тұрақты түрде азық-түлікті халыққа ұсыну нормасын сақтауы, өнімдердің баға тұрақтылығы және азық-түліктің қауіпсіздігінің сақталуын көрсету, қаланың азық-түлік белдеуі механизмдерін қалыптастыру, қаланы азық-түлік өнімдерімен қанағаттандырудың диссертациялық ғылыми жұмыста ең басты күтіліп отырған нәтиже болып саналады.

Елбасының қойған тапсырмаларына сәйкес, Астана қаласы азық-түлік белдеуін дамыту жөніндегі тапсырманы жүзеге асыру негізінде Ақмола облысымен екі арада қазіргі таңда жоспарлы жұмыстар жүргізілуде. Ақмола облысы негізгі уақытта қаланы азық-түлікпен қамтамасыз етуде бірінші орынды алып отыр. Қазіргі уақытта астанаға азық-түлік өнімдерін жеткізу жұмысымен осы облыстың 128 өндіріс орындары айналысады, оның ішінде 77 – мал шаруашылығы бағытында, 4 – құс шаруашылығы, 13 – картоппен көкөніс бойынша, 34 – ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу негізі бойынша жүргізіледі.

Сонымен қатар, осы кәсіпорындардан басқа қалаға жеке қосалқы шаруашылықтар да өз өнімдерін жеткізеді, олардың қорында облыстың жалпы мал санының 70% бар. 2015 жылмен салыстырғанда 10,6% өсіммен 2016 жылдың бас айларында 1,8 мың тонна сүт және сүт өнімдері жеткізілді, ет және ет өнімдері 10,1% өсіммен - 1,4 мың тонна, жұмыртқа - 19,3 млн. дана, ол болса 16,9% өсіммен жеткізілген.

Астана қаласы жыл сайын халқының өсуін есепке ала 2015 жылдың соғы тоқсанына қарай қалаға келесі көлемде өнімдер жеткізу атқарылды:

- сүт пен сүт өнімдері - 94 мың тонна немесе халық тұтынымының 48%-ы;

- ет және ет өнімдері - 22,2 мың тонна немесе сұраныстың 52%;

- тамақ жұмыртқасы - 222,5 млн. дана немесе халықтың сұранысының 100%;

- картоп өнімі - 84,5 мың тонна немесе халық қажеттілігінің 100%-ы;

- көкөніс - 25,6 млн. тонна немесе 38,3%-ы [1].

Сонымен қатар, қалада жаңа заманға сай өндірістердің құрылысы және оларды іске қосу механизмінің жұмыстары жүргізілуде. Осындай сарынмен, 2009 жылдан бері жаппайбағасы 83,7 млрд. теңге болатын 104 инвестициялық жаңа жоба іске қосылды, оның ішінде 2015 жылы құны 22,2 млрд. теңге 14 жоба жұмысы (1 - сүтті мал шаруашылығы; 2 - құс шаруашылығы; 11 - астық қоймалар) жұмыс атқара бастады. Астана қаласы аумағында азық-түліктік белдеуін дамыту бағдарламасына Ақмола облысы 17 ауданы және Қарағанды облысының 4 ауданы бойынша қайта өңдейтін кәсіпорындары жұмылдырылған.

2016 жылы құны 8,9 млрд. теңге болатын 9 жобаны іске қосу жоспарланған, соның негізінде:

§ 1 жоба - етті және ет өнімдерін қайта өңдеу, құны - 0,5 млрд. теңге;

§ 2 жоба - жылыжайларға, құны - 2,6 млрд. теңге;

§ 6 жоба - астық өндіру орындары немесе сақтау қоймаларына, құны - 5,8 млрд. теңгені құрайтын қаражаттар бөлінді.

Қала халқын азық-түлікпен қамтамасыз ету механизмінің көлемін арттыру негізінде Ақмола облысы мәслихаты 2015 жылғы 17 ақпандағы № 5с-34-3 шешімімен «Астана қаласының төңірегінде азық-түлік белдеуін дамытудың 2015-2018 жылдарға арналған кешенді бағдарламасы» бекітілді. Бағдарламада алдағы мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін және Астана қаласы төңірегіндегі азық-түлік белдеуінде АӨК-і өнімдері өндірістерінің және оны қайта өңдеуі бойынша өнімдердің санын және сапасын арттыру негізіне көптеген шаралар жоспарланды.

Соның негізінде, АӨК-н дамыту және аталған бағдарламаны жүзеге асыру бойынша істелініп жатқан жұмыстар келесі нәтижелерге қол жеткізуге өз мүмкіндігін береді:

§ Ақмола облысынан келетін Астана қаласы ішкі нарығына жалпы азық-түлік өнімдерінің жеткізілімі басымдылығын арттыру;

§ азық-түлік белдеуі негізіндегі тұрақты және нақты шикізат базасын құру;

§ агроөнеркәсіптік саладағы өндірістің көптеген жаңа түрлерін нарықта қолдану және азық-түліктер түрін тасымалдауға ең төменгі шығындану көлемінен, қала тұрғындарыныңғайлы баға негізінде азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету болып табылады [2].

Астана қаласының АӨК-гі негізгі жалпыжүйелік проблемалар – агрономиялық саладағы техникалар мен технологиялардың тозуы, артта қалушылығы, өндіріс құралдарының табиғи тозуы себебі; суармалы судың нормативті жүйеден бұзылуы; пайдаланылатын ауыл шаруашылығындағы дақылдартұқымы мен мал шаруашылығындағы төмен нәтижелер, малдардың генетикалық әлсіздігі, малазықтық базасының әлсіздігі, құрама жемнің кенеулілігінің аз болуы салдарынан мал мен құс өндірісі өнімділігінің аз көрсеткіштері, өндірістік қайта өңдеуге сапалы шикізат өнімінің тапшылығы, ішкі нарықтағы отандық қайта терең өңдеу өнімдері үлесінің төмендігінен Астана қаласының негізгі азық-түлікті тұтынуы толық көлемде аяқталмайды, сонымен қатар аграрлы секторға инвестиция мен субсидия бөлудің төмендеуі, ауылдық жерлердегі кооперацияның жеткіліксіз жұмыс жасауы.

Астана қаласы бойынша қабылданған жаппай бағдарламалар жүйесінде атқырылып жатқан және жүзеге асырылатын азық-түлік белдеуінің даму механизмін жасау іс-шаралары:

- негізгі азық-түлік өнімдерді тасымалдау қызметінің көлемін ұлғайту, оның ішінде мал шаруашылығы өнімдері – қала бойынша сүтті қайта өңдейтін кәсіпорындарына сүт өнімін тасымалдау;

- Астана қаласы ауыл шаруашылығындағы өндірістік тауары негізіндегі өндірушілер мен қайта өндіруші кәсіпорындарына жергілікті және республикалық бюджеттік бағдарламалары бойынша қолдау көрсету;

- Астана қаласының агроөнеркәсіп секторы субъектілерін кредиттеу, соның ішінде «Самыруқ-Қазына» ұлттық қорының, «КазАгро» ұлттық басқарушы холдингі қаржы институты, екінші деңгейлі банктер несиелендіруін жетілдіру, жүргізу;

- ауданы 3 гектар болатын жылыжай кешені салынып, «АстанаЭкоСтандарт» ЖШС-нің өндірістік күші жылына 2 мың тонна қызанақ пен қияр өндіретін құны 1,177 млн. теңге тұратын жобаны іске асыру. Орындау мерзімі 2012 жылдың екінші жартысы.

- «2020 Жол картасы» бағдарламасына сәйкес және келесі жобаларға қаржылық қолдау жасауды үйлестіру жұмыстарын жүргізу:

1. «Астана-Өнім» АҚ-ның құны 35 млн. теңге «Мал шаруашылығы кешенін және сүтті қайта өңдеу цехын ішінара жаңарту» жобасы;

2. «Астана-Боттлерс» ЖШС-нің сомасы 4 500 млн. теңге сүтті қайта өңдеу және салқындатылған сусындар өндірісін ұлғайтып дамытуға және айналыс қорын толықтыру жобасы.

Астана қаласының қайта өңдеуші өндіріс орындарының «Агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне екінші деңгейлі банктер ұсынған қайта өңдейтін жабдықтар мен технологиялар лизингі бойынша сыйақы

(мүдде) мөлшерін субсидиялау» бағдарламасы бойынша дамыту жұмыстарын атқару.

Осы негізде өдірілетін өнімдердің саны мен сапасын арттыру және кәсіпорындарды халықаралық стандарттарға көшіру, ISO және HACCP халықаралық стандарттарын енгізген азық-түлік өндіретін және жалпы ауыл шаруашылығындағы кәсіпорындар мен өндіріс орындары санын ұлғайту. Қазақстан Республикасының «Азық-түліктік қауіпсіздігі туралы» заңына сәйкес ауру малдарды санитарлық сою, ветеринариялық алдын-алу іс-шараларымен жұмыстарды жүргізу де басты міндеттер қатарына кіреді [3].

Астана қаласында астана статусын алмай тұрған кезеңде төңіректе өнімдерді, соның ішінде көкөністі мыңдаған тонна көлемінде өндіретін мамандандырылған дамыған өндіріс орындары болды. Шаруашылықтың ет және сүт өнімдерін өндіретін Целиноград облысындағы кәсіпорындар сол кезде Ресеймен оның астанасы – Мәскеу қаласына жіберетін болған. Осы шаруашылықтардың орнын толтырып, жұмысын одан әрі дамытып, тәуелсіздік жетістігі саналатын – Астана қаласын азық-түлік отанының орталығына айналдыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі қазіргі уақытта нақты шаралар жасауда.

Қала төңірегін қамтамасыз ету мақсатында құрылған азық-түлік белдеуіне кіретін шаруашылықтардың өндіретін өнімдері қала сұранысын қанағаттандыруға әліде толықтай күші жетпеуде. Азық-түлік белдеуі өнімдерінің жетіспеуіндегі өнімнің бірден-бір түріне сүт өнімдерін де айтуға болады. Ал кәсіпорындар қатарына келсек, аумақта ет шикізатымен шұжық өндіретін өндірістер толықсыз. Қаладағы шұжық шығаратын кәсіпорындардың кейбірі өз жұмысын шетелден тасымалданатын шикізатпен жалғастырып отыр. Сонымен бірге, көкөніске болатын сұраныс Қытай елінен келетін өнімдермен толысып қанағаттандырылады. АӨК кешенде өсімдік майы, жеміс-жидек пен көкөніс өнімін өсіретін фермерлік шаруашылықтар қатарын ұлғайту алдағы жоспарда бар. Мемлекетке шет елдерден сонымен қатар, асыл тұқымды мал қатарында толықтырып отырады.

Қазақстан Республикасы Президенті «Азық-түлік белдеуін құру» туралы тапсырмалар берген кезден бастап сауда нарығындағы баға деңгейін түсіру және ауыл шаруашылықтарының өнімдерін өндірушілердің өз өнімдерін тікелей тұтынушыларға жеткізуге тиімді жағдай жасау мақсатында коммуналдық базарлар санын көбейту барысында мақсатқа қосқан болатын. Астанада ірі коммуналдық базардың бірі «Шапағат» қазіргі таңда жақсы жәрежеде жұмыс жасайды. Қалада белдеуді қамтумен дамыту барысында 28-ге жуық жеке меншік базарлар жұмыс істейді. Коммуналдық базарлардың көбеюі мен тауар бағасы деңгейінің түсуі қала тұрғындарының азық-түлікке қажеттіліктерін және қолжетімділіктеріне жағдай жасайды.

Азық-түлік белдеуін нығайтуда ең алдымен, жалпы АӨК бәсекеге қабілеттілігін арттыру халықтың кең ауқымды азық-түлік қолжетімділігін қамтамасыз ету, ішкі және сыртқы факторларды, жұмыс және өнім сапасының артуына, жалпы шығындарды қысқартуға байланысты болуы тиіс.

Азық-түлік белдеуіндегі маркетингтік қызметтің жоғары дәрежеге жұсым атқаруы және бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін мынадай функцияларды орындауы тиіс:

§нарық сыйымдылығын ғылыми-зерттеу және оның даму тенденциялары;

§нарықтық сегменттеу, өнімді пайдаланушылардың санын және өнім сапасын сәйкестендіру;

§әлеуетті сату мүмкіндіктерін талдау, өнімдер мен бәсекелестердің қызметін болжау және бағалау;

§шаруашылықтың стратегиялық жаңа бағыттарын іздеу;

§Өнімнің және өндірістіктің бәсекеге қабілеттілігін арттыру бағыттарын анықтау [4].

Қазіргі уақытта, агроөнеркәсіптік кешенін мемлекеттік реттеу ТМД елдеріне ерекше маңызы бар (Қазақстан және басқалар.), оның ішінде кейбірі ұзамай дүниежүзілік сауда ұйымына кіру болып табылады. Бұл елдің азық-түлік белдеуін қамтамасыз ету негізі ретінде отандық ауыл шаруашылығы бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін елеулі шаралар жағдайын талап етеді.

АӨК зерттеу барысында ауыл шаруашылығы саласында, оның ішінде азық-түлік белдеуінде болып жатқан мәселелер кездеседі. Қазіргі уақытта Астана қаласының азық-түлік белдеуін қарқынды дамыуына келесі факторлар тежеу болады:

Ø Астана нарығына ауыл өнімдерін жеткізу жүйесімен сатып алу үрдісінің ретсіз жүргізілу салдарынан ауылшаруашылық өндірушілерінің рентабельділігі төмен;

Ø Астана қаласы бойынша азық-түлік сақтау қоймаларының тапшылығы;

Ø Маркетинг, логистика, тасымалдауда агроөнеркәсіптік кешені субъектілерінің өзара тұрақты қарым-қатынастарының болмау кедергісі [5].

Азық-түлік өнімдерін сақтау, өнімдердің сапасының төмен болуы және өнімді өндіруге технологиялардың жетіспеуі сияқты көптеген мәселелер қала тұрғындарын азықпен қамтамасыз етуге кедергісін тигізеді. Сонымен қатар тауар бағасының қымбат болуы, мемлекеттік қолдаудың аз болуы мен инфраструктураның әлсіз болуының барлығы сауда қоймаларын көбейтуге немесе коммуналдық базарлардың тағы да болса ашылуын қажет етеді. Осы көрсетілген мәселелерді шешу жолында Астана қаласында көтерме сауда және сақтау қоймасын салу ұсынылады. Бұл қойманы салу барысындағы мақсат Астана қаласы азық-түлік белдеуін қалыптастырып нығайту, шағын және орта бизнестегі бәсекеге қабілеттілікті арттыру. Ал алға қойылатын тапсырма, Отандық өнімдердің көп өндіріліп оны халыққа, тұрғындарға жеткізе білу.

Аталған жоба 10,3 га жер көлемін алатын болса, оның ішінде сақтау және кейбірін өндіру орындары жоспарланған және де сақтау қоймасында 10мың тонна жеміс-жидектер мен көкөністердің сыйымдылығы болады. Оның ішінде көкөністер - 8 мың тонна; жеміс-жидектер - 2 мың тонна болмақ. Жоба барысында сақтау қоймасының қызметіне сатып алу, сақтау,

сервистік-технологиялық қызмет көрсету, коммуналдық, жарнама, маркетинг сияқты функциялар жүзеге асады. Жоспарға алынып отырылған жоба алдағы уақытта Астана қаласы тұрғындарын азық-түлікпен қамтамасыз етуге, сонымен қатар азық-түлік белдеуін одан әрі дамытуға өз септігін тигізу жоспарға кіреді. Сақтау қоймасында жұмыстың алға басуы қала төңірегіндегі шағын және орта бизнесті дамытуға, бәсекеге қабілеттілікті арттыруға және азық сапасын жоғарылатуға әкеледі.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Мастер-планы Программы «Агробизнес-2020» [Электронный ресурс]. Астана, 2013. – URL: <http://mgov.kz/programma-agrobiznes-2020/>.
2. Программы развития города Астаны на 2011-2015 годы. Итоги 2015 года.
3. Assessing food value chain pathways, linkages and impacts for better nutrition of vulnerable groups. Maestre, M., Poole, N., Henson, S. 2017
4. Концепция повышения продовольственной безопасности государств – участников СНГ: утверждена Решением Совета глав правительств СНГ о повышении продовольственной безопасности государств – участников СНГ от 19 ноября 2010 года [Электронный ресурс]. – URL: [e-cis.info/foto/pages/20000.doc](http://e-cis.info/foto/pages/20000.doc).
5. 14 2011-2015 жылдарға арналған Астана қаласын дамыту бағдарламасы.